

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 мамыр N 487

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 Р991408_ қаулысына сәйкес сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне сот шешімдері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің міндеттемелерін өтеуге 2002 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін 1633138

(бір миллион алты жүз отыз үш мың бір жүз отыз сегіз) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 2 мамырдағы
N 487 қаулысына
қосымша

Орындалуға тиісті
сот шешімдерінің тізбесі

Р/с N	Соттың атауы	Сот шешімінің күні		Мемлекеттік Мемлекеттік
		бажды	баж	
		шегергендегі (теңге)		
		сома (теңге)		

1	2	3	4	5
1.	Алматы қаласының Медеу аудандық соты	К.В.Савочкиннің М.И.Соколованың пайдаларына 29.01.2001 жылғы шешім Алматы қалалық соты	22.10.2001 жылғы қаулы	500000 100000
2.	Шығыс Қазақстан облысының	С.И.Фалеевтің пайдасына 04.07.2001 Өскемен қалалық соты	жылғы шешім 04.09.2001 Шығыс Қазақстан жылғы апелляциялық облыстық соты	38750 388
3.	Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының соты	В.Н.Русаковтың пайдасына 18.01.2001 жылғы шешім		60000
4.	Оңтүстік Қазақстан облысының	К.М.Қозбағаровтың пайдасына 18.08.2000 Түлкібас аудандық соты	жылғы шешім	500000
5.	Ақтөбе қалалық соты	Ж.А.Тілеуімбетовтың пайдасына 01.06.2001 жылғы шешім		50000
6.	Алматы қаласы Бостандық ауданының	В.Т.Марченконың пайдасына 15.05.2000 Алатау сот учаскесі	жылғы шешім	54000
7.	Жамбыл облысының Тараз қалалық соты	Т.А.Коростелеваның пайдасына 30.09.1999 жылғы шешім		300000
8.	Астана қаласының Сарыарқа аудандық соты	Т.В.Константинованың пайдасына 13.11.2001 жылғы шешім		30000
	Жиыны		1632750	388
	Жалпы сомасы		1633138	

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК